

Жобаның атауы: №АР09259525 «Ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық моделін оңтайландыру және талдау әдіснамасы (Солтүстік Қазақстан материалдары негізінде)»

Өзектілігі: Солтүстік Қазақстанның ауылдық округтерінде әлеуметтік-экономикалық қатынастарды оңтайландыру бойынша жүйелі зерттеулер осы уақытқа дейін іс жүзінде жүргізілген жоқ. Қазақстанның қазіргі заманғы жағдайларын ескере отырып, ауылдық аумақтық жүйелердің оңтайлы әлеуметтік-экономикалық модельдерін қалыптастыру үшін адами, агроэкологиялық, әлеуметтік және нарықтық факторларды ықпалдастыру жолдары мен тәсілдері қайта ойлауды талап етеді.

Күтілетін нәтижелердің практикалық маңыздылығы ауылдық аудандарда өмір сүру деңгейін арттыруға, жұмыссыздық пен әлеуметтік шиеленісті төмендетуге, көші-қон ағындарын оңтайландыруға ықпал ететін ауылдық округтердің оңтайлы экономикалық модельдерін және өңірлік әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды қалыптастыру бойынша ұсынымдарды әзірлеуден тұрады.

Көзделіп отырған негізгі мәселе - ауыл халқының әл-ауқатын арттыру және теңестіру.

Жобаның мақсаты: ауылдық округтерді дамытудың оңтайлы әлеуметтік-экономикалық модельдерін қалыптастыру бойынша іс-шаралар және талдау әдіснамасын әзірлеу.

Күтілетін нәтижелер: 1) ауылдық округ халқының ресурстармен қамтамасыз етілуін есептеуге арналған әдістемелік құрал; 2) ауылдық округ халқы арасында кірістерді бөлудің деңгейі мен біркелкілігін есептеуге арналған әдістемелік құрал; 3) математикалық модель негізінде ауылдық округ ресурстарын кешенді бағалауға арналған әдістемелік құрал; 4) ресурстарды барынша тиімді пайдалануды, кірістердің тұрақты өсуін және ауыл халқы арасында әл-ауқат деңгейін теңестіруді қамтамасыз ететін ауылдық округтің оңтайлы экономикалық моделі (брендті өнімді (өнімдерді), экономикалық қызметті ұйымдастыру және экономикалық субъектілердің, көшбасшы-ұйымдастырушының өзара іс-қимыл нысанын айқындай отырып); 5) кірістерді бөлудің деңгейі мен біркелкілігін қадағалау, ауылдық округ халқы арасында әл-ауқат деңгейін арттыру және теңестіру жөніндегі ұсынымдар.

Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми журналдарда 3 ғылыми мақала, оның ішінде Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымда 1 мақала, КОКСОН ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда 2 мақала жарияланатын болады.

2022 жылықол жеткізілген нәтижелер:

1) Ақмола облысы Ерейментау ауданы Новомарков ауылдық округінің 489 үй шаруашылығына жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша ауылдық округтегіхалықтың әл-ауқаты және ауылдық округтегі экономикалық ресурстардың қолжетімділігі көрсеткіштері бойынша деректер базасы;

2) үй шаруашылықтары үшін экономикалық ресурстардың қолжетімділігін, округ тұрғындары арасында табыстардың бөліну деңгейі мен біркелкілік дәрежесін бағалаудың әдістемелік тәсілдері мен рәсімдері.

Нәтижелердің жаңалығы ауыл тұрғындарының әл-ауқаты мен ресурстардың қолжетімділігінің орташа көрсеткіштерін және ауылдық округтің үй шаруашылықтары арасында табыстардың біркелкі бөліну дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретін әдістемелік әдістер мен рәсімдерді әзірлеу мен практикалық қолданудан тұрады. Сондай-ақ, ұсынылған әдістер дихотомиялық шкала бойынша өлшенетін сапалық көрсеткіштер мен сандық өзгермелі белгілер арасындағы байланыстың болуы мен оның күшін анықтауға мүмкіндік береді. Тағы бір жаңалық - шартты түрде есептелінетін кірістер класын есепке алу, әл-ауқат деңгейін есептеу және округ тұрғындары арасында кірістерді бөлу. Зерттелетін округ жағдайында үй

шаруашылықтары арасында кірістерді бөлуде айтарлықтай сәйкессіздіктер бар екені анықталды. Бұл жағдай халықтың төлем қабілеттілігінің өсуін тежейді, аумақтардың экономикалық дамуына кедергі келтіреді. Адами, агроэкологиялық, әлеуметтік және нарықтық факторлардың жай-күйі туралы құрылымдық деректер базасы ауылдық аумақтардың, әсіресе депрессияға ұшыраған өңірлерде тиімді әлеуметтік-экономикалық модельдерді қалыптастыру бойынша іздеу мен шешім қабылдаудың бастапқы нүктесі болып табылады.

Зерттеу тобының мүшелері:

- жоба жетекшісі - Құсайынов Талғат Аманжолұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор. Хирш индексі - 3 <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56200205600>.

Жобадағы орны мен рөлі: ғылыми жетекші, жобаны әкімшілендіру; ресурстардың әл-ауқаты, қолжетімділігі көрсеткіштері бойынша үй шаруашылықтарына сауалнама жүргізу үшін сауалнамалар әзірлеу; ауылдық округ тұрғындары арасында кірістерді бөлу деңгейі мен біркелкілігін есептеу; ресурстармен қамтамасыз ету сипаттамаларының үй шаруашылықтарының әл-ауқаты деңгейіне әсерін өзара байланысын сипаттау және сандық бағалау үшін регрессиялық теңдеулер кешенін әзірлеу; ауылдық округтің оңтайлы экономикалық моделін есептеу және ауылдық округ халқының әл-ауқаты деңгейін арттыру және теңестіру бойынша ұсынымдар әзірлеу; жоғары білікті мамандар тобын қалыптастыру және әзірленген әдістемелік құралдарды жобадан кейінгі сүйемелдеу үшін нұсқаулықтар әзірлеу;

- Мусина Гүлнар Сартайқызы, экономика магистрі. Жобадағы орны мен рөлі – АҒҚ-басшының көмекшісі, ресурстардың әл-ауқаты, қолжетімділігі көрсеткіштері бойынша үй шаруашылықтарына сауалнама жүргізу үшін сауалнама әзірлеу; ауылдық округ тұрғындары арасында кірістерді бөлу деңгейі мен біркелкілігін есептеу; ресурстармен қамтамасыз ету сипаттамаларының үй шаруашылықтарының әл-ауқаты деңгейіне әсерінің өзара байланысын және сандық бағалануын сипаттау үшін регрессиялық теңдеулер кешенін әзірлеу; ауылдық округтің оңтайлы экономикалық моделін есептеу және округ халқының әл-ауқатының деңгейін арттыру және теңестіру бойынша ұсынымдар әзірлеу;

- Бұлхаирова Жанна Серікқызы, PhD докторы. Хирш индексі - 2 <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57203804842>. Жобадағы ұстанымы мен рөлі – АҒҚ, ауылдық округтегі жеке кәсіпкерліктің, үй шаруашылығы өнімдері нарығының жай-күйін зерттеу, ауылдық округ үй шаруашылықтары деңгейінде Жеке кәсіпкерлікті және кооперацияны ұйымдастырудың тиімді нысандарын таңдау бойынша ұсынымдар әзірлеу;

- Токенова Сандуғаш Мейрамжанқызы, PhD докторы. Жобадағы ұстанымы мен рөлі – АҒҚ, ауылдық округтегі шалғынды-жайылымдық алқаптардың жай-күйін және олардың үй шаруашылықтары, өсімдік шаруашылығы үшін қолжетімділігін зерттеу (экономикалық ресурстардың қолжетімділік көрсеткіштері бойынша үй шаруашылықтарына сауалнама жүргізу; өсімдік шаруашылығы бойынша деректер базасын жинау және қалыптастыру, деректерді статистикалық өңдеу); үй шаруашылықтарын шалғынды-жайылым ресурстарымен қамтамасыз етуді жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу;

- Шаукерова Зина Макышевна, экономика ғылымдарының кандидаты. Жобадағы ұстанымы мен рөлі – АҒҚ, үй шаруашылықтары үшін экономикалық ресурстардың қолжетімділігін есептеу; ауылдық округ тұрғындары арасында кірістердің бөлінуін бағалау.

- Төлейбергенова Жанна Сұлтанқызы, ауылдық округ статистигі. Жобадағы орны мен рөлі – ҒҚ, ауылдық округтің экономикалық қызметін талдау; ресурстардың әл-ауқаты, қолжетімділігі көрсеткіштері бойынша үй шаруашылықтарына сауалнама жүргізу; шалғынды-жайылымдық жерлердің жай-күйі бойынша деректер базасын жинау және қалыптастыру. Үміткерді іріктеу критерийі: жоғары білім, саладағы жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл, оның

ішінде таңдалған округте - кемінде 2 жыл, коммуникабельділік, MS Office және коммуникациялық технологияларды меңгеру;

- Құрбаналиев Шавкат Бабыржанұлы, магистрант. Жобадағы орны мен рөлі – КҒҚ, ресурстардың әл-ауқаты, қолжетімділігі көрсеткіштері бойынша үй шаруашылықтарына сауалнама жүргізу; ауылдық округ тұрғындары арасында кірістерді бөлудің деңгейі мен біркелкілігін есептеу; ауылдық округтің экономикалық моделін тестілеу. Үміткерді таңдау критерийі: коммуникабельділік, MS Office және коммуникациялық технологияларды меңгеру.

Осы жоба шеңберінде жарияланған жарияланымдар мен патенттердің тізімі (оларға сілтемелермен):

1. Құсайынов Т.А. Әлеуметтік зерттеулер үшін объектілерді іріктеу әдістемесі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысының экономика сериясы. – 2021. – №3. – 35-48 б. (ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған). <https://bulecon.enu.kz/article/archive/view?id=representativeness-and-methods-of-selectingobjects-for-social-research-2>

2. Kussaiynov, T. Multi-Criteria Choice and Ranking of the Objects for Socio-Economic Studies // WSEAS Transactions on Business and Economics. – 2022. – Vol. 19. – pp. 1099-1106. <https://doi.org/10.37394/23207.2022.19.96>

3. Шаймерденова А.К., Булхайрова Ж.С., Темирова А.Б. Ақмола облысы Дамса ауылдық округінің жеке қосалқы шаруашылықтары: ауыл шаруашылығы өндірісін талдау // Аграрлық нарық проблемалары. – 2022. – №1. – 99-104 б. <https://doi.org/10.46666/2022-1.2708-9991.11>

4. Құсайынов Т.А., Асилов Б.Ө. Өсімдік шаруашылығындағы еңбек өнімділігіне технологиялық инновациялардың әсері // Аграрлық нарық проблемалары. – 2022. – №3. – 82-89 б. <https://doi.org/10.46666/2022-3.2708-9991.09>

Әлеуетті пайдаланушылар үшін ақпарат: жұмыс нәтижелерін әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастығы және қалың жұртшылық арасында тарату С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Extension жүйесі және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы жүзеге асырылатын болады.

Өзірленген әдістемелік құралдарды жобадан кейінгі сүйемелдеу және оны практикаға енгізу үшін жоғары білікті мамандар тобы құрылады және тиісті құжаттама (нұсқаулықтар) дайындалады.